

Уран өнімінің экспорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 қазан N 1593

"Қару жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ) Уран концентраттарын сатып алуға және сатуға "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ пен Камеко Юроп С.А. арасындағы 2000 жылғы 15 тамыздағы келісімнің шарттарына сәйкес табиғи уранның шала тотық-тотық түріндегі уран концентратын (СЭҚ ТН коды 284410390) 450 000 кг U мөлшерінде Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ-на осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уран өнімінің экспортына лицензиялар берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті мен Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уран өнімінің экспортын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК